

Отбасындағы баланың эмоционалдық қажеттіліктері.

Адам өмірінде өз эмоциясын басқара білудің үлкен маңызы бар. Өз сезімін жақсы басқаратын жеке адамдар еңсесін түсіретін әсерлерден жоғары тұрады, сөйтіп нағыз бақытқа бөленеді.

Бірінші сынып оқушыларының мектепке келуі балалардың мектепке дейінгі жасынан кіші мектеп оқушыларына өтуімен байланысты, сондықтан келесі шарттарды қажетті деп санаймыз:

1) балалар дамуының осы кезеңдерінде пайда болатын эмоционалдық сезімдік өзгерістерге назар аудара отырып, жоғары мектепке дейінгі оқушылармен кіші мектеп оқушыларының эмоционалды өрісінің дамуындағы қиындықтарға талдау жасау;

2) қорқыныш, агрессия сияқты эмоциялардың балаларда олардың байқалу ерекшеліктеріне сипаттама беру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоцияларының басты ерекшелігі - тұрақсыз, тұрлаусыз, нақтылы да мәнерлі қозғалыстарға толы келетіндігі. Мектепке түсу бала сезімдерін жүйелі, жоспарлы түрде тәрбиелеудің негізгі жолы болып табылады. Кіші сынып оқушылары да (әсіресе 1-2 сыныптағылар) аса сезімтал, эмоциялы келеді. Бұл балалар сергек те жайдары, аң көңіл де сенгіш болып келеді. Олар кез келген нәрселердің бәрін қабылдап, қызықтап таңырқайды және өзінің қарым-қатынасын белсенділікпен білдіріп отырады. Бала сабақ, үстінде де бір қалыпты отыра алмайды, өйткені, өзіне ие бола алмай сезімінің жетегінде еріп кетеді. Мәселен, бірінші класс оқушыларының арасынан сабақ үстінде қатты дауыспен күлетін не жылап жіберетін оқушыларды кездестіруге болады.

Бастауыш сынып оқушыларында жиі кездесетін қиындықтар мектепшілік қарым-қатынаспен байланысты орын алады. Өсіп дамып келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір көп сырлы қасиеттердің жағымды және жағымсыз жақтарымен қатар елеусіз мінез көріністері де бала бойында болады. Бала мінезінің жағымды жақтарына қайырымдылық, инабаттылық, сыйлаушылық, тілалғыштық, шынайы адалдық, жақсы-жаманды айыра білушілік, алдағы өмір жолына ұмтылушылық жатса, ал нашар мінез көріністеріне тұрақсыздық, өтірік айтушылық, өзімшілдік, беймазалық, ұшқалақтық сияқты қасиеттер жатады. Бала бойына назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге: өзіне-өзі сын көзбен қарап, мінезіндегі кемшіліктерді сезіну, әділетті, әділетсіздікті аңғаруы, ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамды болуы мен іскерлігі жатады. Егер, кішкентай кезінен бала мінезіндегі көріністер өмірімен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, ол қайырымды, байсалды, бір сөзді, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді, ал олардың бойында ынжық мінез қалыптасса біртіндеп ол сылбырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық, мылжындық мінездерге айналады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен қарым-қатынас жасау, достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық көріністері қалыптасады.

Мектепке дейінгі балалардың ата-аналарының кәсіби кеңеске сүйенуге мәжбүрлейтін бұзылымның бір үлкен тобы – дамудың тежелуі. Баланың дамуындағы қарқындылықтың жалпы жеткіліксіздігі немесе сөйлеу дағдыларын дамытуда баланың ерекше қалыс қалуы ата-аналарды алаңдаттырады. Өте сирек, дегенмен маңызды бұзылыс - сөйлеудегі өрескел бөгеліс және әлеуметтік дамудың өзгерісімен байқалатын балалар аутизмі болып табылады.

Сонымен қатар, Г.Е.Сухарева [1], В.В.Ковалев [2] және т.б. авторлар мектепке дейінгі жастағы жүйкесі жұқарған балаларда жоғарғы аффективті әсерленгіштік сияқты эмоционалдық бұзылымның болатындығын атап өтеді. Баланың маңызды емес себептерге ашу-ызасы келетіндігін, аффективтік бәсеңдіктен кейін ол жылауы, өз айыбын сезінуі мүмкін екендігін айтады.

Осы ретте, Ю.М.Миланич [3] эмоционалдық бұзылыстары бар балаларды үш топқа бөледі. Біріншіге ішкі-жеке шиеленістері бар балалар кіреді. Ата-аналар мен педагогтар бұл балалардың бойындағы мазасыздық, негізсіз қорқыныш, көңіл-күйінің ауыспалылығын атап өтеді. Екінші топты жекеаралық шиеленістері бар балалар, олар жоғарғы эмоционалдық қозғыштығымен, ашуланшақтылығымен, агрессивтілігімен ерекшеленеді. Үшінші топты ішкі-жеке, сонымен бірге жекеаралық шиеленістері бар балалар құрайды. Оларға біріншіден, эмоционалдық тұрақсыздылық, ашушандық, агрессивтілік, екінші жағынан, мазасыздық, күдікшілдік және қорқыныш тән.

Авторлар байқағандай, бірінші топта қыздар басым болса, екінші және үшіншіде – ұлдар. 4-7 жасқа дейінгі жас аралықтарында бірінші және үшінші топқа қатысты балалар саны көбейеді, ал екінші топқа қатыстылар – азаяды.

Мектепке дейінгі жас кезеңінде балалардың мектепте оқуға даярлықтан өту-өтпеуіне, отбасындағы тәлім-тәрбие алу ерекшеліктеріне байланысты баланың психологиялық дамуында әр түрлі жағдай орын алуы мүмкін. Депривация (жетіспеушілік деген мағнаны береді) орын алған себептеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

1. Сенсорлық депривация баланы қоршаған сыртқы ортаның аз және ондағы тітіргендіргіштерінің өзгеруімен байланысты орын алады. Баланың жаңалықтарға қызықпаушылығымен және танымдық қажеттілігінің шектеулілігімен сипатталады. Мұндай жағдайда балалардың қоршаған ортада болып жатқан неше түрлі құбылыстарға әсерленуі, теледидардағы бағдарламаларға деген әуестігі шектелген болып, олар көптеген балаларға қызықты нәрселерге онша көңіл аудармастан, барлық жаңалықтарға селқос қарайды. Нәтижесінде балалардың оқу процесіне де қызығушылығы төмендейді, ынжық мінез көрсетеді.

2. Когнитивтік депривация керісінше, қоршаған орта заттары мен құбылыстарының ретсіз өзгеруімен байланысты оларды танып білуге, мазмұнын ұғынуға мүмкіндік бар екеніне бала түсінбей қалады, сондықтан олардың танымдық әрекеті шектеулі және қажетті деңгейде дамымаған болады. Мұндай ерекшелік байқалған балалар оқу барысында үстіртін қарап,


барлық нәрселерге терең, жан-жақты меңгеруге деген қабілеті төмендейді. Нәтижесінде баланың білімге, іскерлікке деген құштарлығы әлсірейді, ал жақсы оқитындарға қызғаншақтықпен қарап, ескертулерге дөрекілік көрсетеді.

3. Эмоционалдық депривация баланың өзіне эмоционалдық жақын адамынан айрылуымен, ата-анасы немесе олардың орнында болған туыскандарымен қатынас жасауының шектелуімен байланысты көрініс береді. Эмоционалдық депривация балалар үйлерінде тәрбиеленген балалардың барлығына ортақ психологиялық мәселенің түрі болып табылады. Отбасында тәлім-тәрбие көрген балалардың да ішінде эмоционалдық жүйесі толық жетілмегендер отбасында орын алған ата-аналарының арасындағы келіспеушілік, ажырасу т.с.с. себептермен байланысты орын алады. Балалар өздерінің отбасындағы жағдайынан ұялып, басқалардан сыр сақтап, қарым-қатынасын шектеп жүреді. Жағдайы жақсыларға қызғаншақтықпен қарап, агрессиялық мінез көрсетеді.

4. Әлеуметтік депривация баланың денсаулығымен байланысты өзіне тән әлеуметтік функциясын орындауға мүмкіндігінің шектеулілігімен байланысты қалыптасады. Сал аурулары, созылмалы қабыну тағы басқа сырқаттардың салдарынан кейбір балалар ойын кезінде өздерінің құрбыларымен қимыл ойындарға толық қатынасуға шамасы келмегендіктен өзін кем санау синдромы қалыптасады. Сондықтан олар басқалардың саулығын қызғанып, өмірге ренжігіш күйде болып жүреді де, өздерін кемтармын деп есептеп, тұйыктанып, басқалармен қарым-қатынасы шектеулі болады.

Аталған депривация түрлерінің барлығы балалардың эмоционалдық жағдайын нашарлатып, оларды шамадан артық эмоционалдық зорлану жағдайына алып келуі мүмкін. Сондықтан балаларды дер кезінде осы депривациялық күйден шығармаса, ол созылмалы стресс жағдайында болып, баланың неше түрлі қырсық мінез көрсетуіне алып келеді.

Эмоционалдық үйлеспеушілік нәтижесінде балаларда жиі кездесетін ауытқу – агрессивтілікке алып келеді. Агрессия дегеніміз өзге адамдарға болмаса жануарларға себепсіз зиян келтіруге тура бағытталған қиянат. Ал агрессивтілік – бұл жеке тұлғаның мінез-құлықында көрініс беретін стрессогондық жағдайдан өзін-өзі қорғау реакциясы болуы мүмкін. Бастауыш сынып оқушыларының агрессивтілігінің негізгі себебі қорғаныс функциясымен байланысты. Барлық басқа психологиялық қасиеттер сияқты агрессия әр адамда әртүрлі көріністе болады. Агрессиясы өте төмен немесе мүлдем жоқ болса, ол адамның қорғаныс функциясы төмен болады да, ол енжарлық, илануға алып келеді, ал кейбір адамдардың агрессиясы өте жоғары дамыған болады, ол шатақ мінезділікке, конфликтіге, қоршаған ортамен өзара түсініспеушілікке әкеледі. Баланың агрессивтілігі келесі көрсеткіштермен бағаланады: агрессияның пайда болуының жиілігі және жеңілдігі; агрессияны туғызған жағдайға бала реакциясының адекватты емес дәрежесі; агрессия жүруінің екпіні; агрессивті әрекеттің асқыну дәрежесі.



Отбасындағы баланың эмоционалдық қажеттіліктері тақырыбындағы психологиялық жаттығу сабағынан көрініс.